

«Қаралды»
Педагогикалық кеңесте
№1 хаттама
29.08.2024 ж

«Бекітілді»
«Балдәурен» МДҮ
басшы м.у.а:  Ж.Қ.Мырзабек
29.08.2024 ж



«Күншуақ» ересек тобының музыкадан перспективалық жоспары

2024-2025 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 –2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша) «Балдәурен» МДҰ

Топ «Күншуақ» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастан бастап

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка аптасына 2 сағат 1 айда 8 рет	- Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, - Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру - Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды таныстыру. - Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету

Қазан	Музыка аптасына 2 сағат 1 айда 8 рет	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музиканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындауды үйрету. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап ағаш қасықтарды қолдану, қарапайым әуендерді орындауын ұйымдастыру музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыруды меңгерту
-------	---	---

Қараша	Музыка аптасына 2 сағат 1 айда 8 рет	- Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. - Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си)диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді тазә айтуды үйрету. - Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. - Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау дағдысын дамыту. - Балаларды музыкалық аспап сыбызғымен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. - Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
--------	---	--

Желтоқсан	Музыка аптасына 2 сағат 1 айда 8 рет	- Музыкалық ойыншықтармен балалар музыка аспаптарының (музыкалықбалға,сылдырмақ,барабан,металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. - Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді,созып,ойнақы айту). - Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды пысықтау. - Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен жәнебір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқынымен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды меңгерту. - Музыкалық аспап металлофонмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. - Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
-----------	---	--

Қаңтар	Музыка аптасына 2 сағат 1 айда 8 рет	- Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (маракас,асатаяк,тұяқ,сырнай)дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. - Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си)диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізуді(көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету. - Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқынымен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды. - Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді,құстар ұшады. - Балаларды музыкалық аспап маракаспен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. - Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Ақпан	Музыка аптасына 2 сағат 1 айда 8 рет	- Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. - Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып ән айтуды үйрету. - Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. - Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. - Балаларды музыкалық аспап барабанмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. - Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Наурыз	Музыка аптасына 2 сағат 1 айда 8 рет	- Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы естес ақтау. - Әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. - Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.
Сәуір	Музыка аптасына 2 сағат 1 айда 8 рет	- Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. - Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. - Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. - Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. - Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Мамыр	Музыка аптасына 2 сағат 1 айда 8 рет	- Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы(ақырын-қатты), қарқыны(жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды,көңілді)байқауға үйрету. - Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауын пысықтау - Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындауды, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды меңгерту. - Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындауды, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау дағдыларын жетілдіру. - Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруін пысықтау.
-------	---	---